



«Бекітемін»  
«Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы  
меңгерушісінің м.а. Қадирова З.Б.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде**

**2022 -2023 оқу жылындағы музыкадан ересек тобына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы**

**Топ: «Балапан» ересек тобы**

**Балалардың жасы: 4-5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-мамыр 2022-2023 ж.ж.**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	<b>Музыка тыңдау.</b> Әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту; <b>Ән айту.</b> -әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру; <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> -би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; Билер. Ойындар, хороводтар.
Қазан		<b>Музыка тыңдау.</b> Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). <b>Ән айту.</b> Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру

		<p>(ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b></p> <p>Билер.</p> <p>Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау.</p>
<b>Қараша</b>		<p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.</p> <p>Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b></p> <p>Би қимылдары соның ішінде жұптасып билеуді дамыту.</p>
<b>Желтоқсан</b>		<p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Жыл мезгілдеріне сәйкес әуендерді тыңдай отырып сипаттауға үйрену.</p> <p><b>Ән айту:</b> Түрлі жанрдағы әндерді орындауда еределерге сәйкес қимылдарымен біріктіру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қимылдар</b></p> <p>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру,</p> <p>марш сипатын ырғақты жүріспен беру,</p> <p>музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру.</p> <p>Билер</p> <p>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау.</p>
<b>Қаңтар</b>		<p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Жоғары дыбыстарды ажырату, тыңдалған шығарманы сипаттай білу;</p> <p><b>Ән айту:</b> Әнді асықпай шеңберде немесе түрлі қимыл барысында үлгеріп жеткізе орындау.</p>

		<p><b>Музыкалық-ырғақты қимылдар</b>  Музыканың ырғағын нақты бере отырып,  қос аяқпен еркін және жеңіл секіру,  қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп  отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту.  Билер  Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би  қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.  Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын  орындау.</p>
<b>Ақпан</b>		<p><b>Музыка тыңдау.</b>  Музыканың иллюстрациясын ажырата білуді үйрету.  <b>Ән айту:</b> орындалатын шығарманың мазмұнына мән бере  отырып, әннің мағынасын ашып, әнді шеберлікпен  орындауға талпындыру.  <b>Музыкалық-ырғақты қимылдар</b>  Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны  бойынша таныс әндерді  сахналауға баулу,  музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.  Билер  Билерде ойындағы музыкалық  қимылдарды қолдану,  музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау,  шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту,  шапшаңдық пен ептілік таныту.</p>
<b>Наурыз</b>		<p><b>Музыка тыңдау.</b>  Берілген бейнебаянды сипаттай білу.  <b>Ән айту:</b> Әнді шеберлікпен орындауда барлығымен бірге  асықпай әуенге сәйкес орындауына мән беру.  <b>Музыкалық-ырғақты қимылдар</b>  Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны  бойынша таныс әндерді  сахналауға баулу,  <b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау</b>  Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі  шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш  қасықтармен, сылдырмақтармен,  асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және  металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.  Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.  Билер  Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу,</p>

		<p>атрибулттармен би қимылдарын орындау.          Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру.          «Қамажай» биін үйрету.</p>
<b>Сәуір</b>		<p><b>Музыка тыңдау.</b>          Музыканың иллюстрациясын ажырата білуді үйрету.  <b>Ән айту:</b> Орындалатын шығарманың мазмұнына мән бере отырып, әннің мағынасын ашып, әнді шеберлікпен орындауға талпындыру.  <b>Музыкалық-ырғақты қимылдар</b>          Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру.          Билер          Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.</p>
<b>Мамыр</b>		<p><b>Музыка тыңдау.</b>          Музыканың иллюстрациясын ажырата білуді үйрету.  <b>Ән айту</b>          Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.  <b>Музыкалық-ырғақты қимылдар</b>          Билер          Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.          Өткенді қайталау.</p>